



Газет 1937 жылдың
5 мамырынан
бастап шығады

SARYSU



22/08/2026 СЕНБІ

www.gazeta-sarysu.kz

sarysu_02@bk.ru

№61 (9025)

ОБЛЫСТА

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРЫ БІЛІМ САПАСЫ БОЙЫНША ҮЗДІК НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТТІ



Жамбыл облысының оқушылары 2025-2026 жылдардағы оқу жылында халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтиже көрсетіп, өңір қоржынына 369 медаль салды. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Нұрбек Оршыбеков мәлімдеді.

Басқарма басшысының айтуынша, республикалық ғылыми жобалар конкурсында облыс командасы 17 жыл қатарынан «Ең үздік команда» атағын иеленіп келеді. Сонымен қатар қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысында оқушылары «Үздік олимпиадалық команда» атанды.

Биыл облыстағы 5 білім ұясы «Ең үздік олимпиадалық 100 мектеп» республикалық рейтингіе енді. Олардың қатарында дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаттары, Тараз қаласындағы Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназия, Б.Момышұлы атындағы №45 казак классикалық гимназиясы және Т.Рысқұлов ауданындағы №6 мектеп-гимназиясы бар.

Мектеп түлектерінің ҰБТ нәтижесі де көңіл қуантады. Биыл 11-сыныпты аяқтаған 14 494 түлектің 639-ы «Алтын белгі», 1 212-сі үздік аттестат иегері атанды. Ұлттық бірыңғай тестікте 11 911 түлек, яғни түлектердің 82,5 пайызы қатысып, орташа нәтиже 79,9 балл құрады. Ал 4 түлек ең жоғары 140 балл жинап, облыстың білім саласындағы жоғары әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеді. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторинг-

теу нәтижелері де облыс оқушыларының республикадағы көшбасшы өңірлер қатарында екенін көрсетті. 9-сынып оқушылары математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша республикада 1-орын, ал оқу сауаттылығы бойынша 3-орын иеленді.

Жетістіктер тек оқушылармен шектелмейді. Биыл 76 педагог халықаралық және республикалық деңгейдегі байқаулар мен олимпиадалардың жеңімпазы және жүлдегері атанды. Ұстаздар «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Teachers Hackathon», «Дарынды балаларға – талантты ұстаз», «Алтын тұғыр», «Математикалық регата», «OI SANDYQ», «Олимп шыңы» сынды беделді білім сайыстарында үздік нәтиже көрсетті.

Атап айтқанда, республикалық «Математикалық регата» олимпиадасында облыс командасы Бас жүлдені жеңіп алды. Бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы республикалық олимпиадада II орын, ал «OI SANDYQ» зияткерлік байқауында III орын иеленді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері де республикалық байқауларда бірнеше Бас жүлде мен жүлделі орындарға қол жеткізді.

Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АЛТАЙ ӘЛІ АУДАНДАҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН БАҚЫЛАДЫ



Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Алтай Әлі ауданымызға жұмыс сапарымен келіп, алдағы сайлауға дайындық барысымен танысты. Облыс әкімінің орынбасарын аудан әкімі Сәкен Мамытов қарсы алып, бірқатар сайлау учаскесін аралады.

Жұмыс сапары барысында Алтай Әлі сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық жағдайын, дауыс беруді ұйымдастыруға әзірлігін және сайлаушылар үшін жасалған жағдайларды бақылап көрді. Сонымен қатар учаскелердегі қажетті құрал-жабдықтардың толықтығы, ақпараттық материалдардың талапқа сай орналастырылуы және санитарлық талаптардың сақталуы назарға алынды.

Сайлау учаскелерінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да өз конституциялық құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруы үшін қолжетімді орта қалыптастыру мәселесіне ерекше мән берілді. Осы бағыттағы жұмыстардың сапалы ұйымдастырылуы жөнінде жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берілді.

Облыс әкімінің орынбасары сайлау учаскелеріндегі

ұйымдастыру жұмыстарының талапқа сай әрі жүйелі жүргізілуінің маңыздылығын атап өтті. Әсіресе сайлаушылардың дауыс беру күні еш кедергісіз келіп, өз таңдауын жасауына барлық қажетті жағдай жасалуы керектігі айтылды.

Сондай-ақ учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің дайындығы, жауапты қызметкерлердің міндеттері және сайлау күні туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу шаралары пысықталды.

Жалпы, аудандағы сайлау учаскелерін алдағы саяси науқанға дайындау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Негізгі мақсат – сайлау үдерісінің ашық, ұйымдасқан әрі талапқа сай өтуін қамтамасыз ету және әр азаматтың өз таңдауын еркін жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасау.

Сәулет ЕСКАРҒА, «SARYSU»

ЕЛ МҮДДЕСІ-БАСТЫ НАЗАРДА

Құрылтай сайлауы – ел өміріндегі маңызды саяси үдерістердің бірі. Бұл сайлау арқылы әр азамат өз таңдауын жасап, мемлекетіміздің алдағы даму бағытына қатысты азаматтық ұстанымын білдіре алады.

Сондықтан сайлауға қатысу – әрбір азаматтың ел алдындағы жауапкершілігі деп білеміз.

Мен еліміздің тұрақтылығы мен тыныштығын, халықтың әл-ауқатының артуын және қоғамның бірлігін қолдаймын. Елдің болашағы үшін жасалып жатқан игі бастамалардың жүзеге асуына әр азамат өз үлесін қосуы қажет. Құрылтай жұмысының да халықтың көкейіндегі мәселелерді көтеріп, ел мүддесіне бағытталған маңызды шешімдердің қабылдануына ықпал ететініне сенемін.

Бүгінде елімізде татулық пен тұрақтылықты сақтау, жастарға қолдау көрсету, әлеуметтік мәселелерді шешу, ауыл-аймақтардың дамуына жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осындай бастамалардың жалғасын тауып, халықтың ұсыныс-пікірі ескерілгенін қалаймын.

Сондықтан Құрылтай сайлауына бейжай қарамай, әр азамат өз таңдауын жасап, ел болашағына деген жауапкершілігін танытқаны жөн деп санаймын. Мен елдің бірлігі мен тұрақты дамуын көздейтін баста-

маларды қолдаймын. Бірлігіміз бекем, болашағымыз жарқын болсын!

«Құрылтай» атауының өзі терең мағына береді. Қазақ тарихында құрылтайлар ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер талқыланатын ортақ кеңес болған.

Бүгін бұл атау жаңа саяси кезеңмен сабақтасып отыр. Алдағы сайлау нәтижесінде бес жыл жұмыс істейтін жоғары өкілді органның құрамы қалыптасады. Бұл жерде ең маңыздысы – әр азаматтың пікірі ескеріледі. Өйткені өкілді орган халықтың сенімі арқылы жасақталады.

Сондықтан сайлауға тек саяси науқан ретінде емес, қоғамның болашағына ортақ жауапкершілік ретінде қараған дұрыс деп есептеймін.

Еліміздің дамуына бейжай қарамайтын әр адам үшін бұл маңызды оқиға.

Ж. ЖҰМАДІЛДАЕВ, Сарысу ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ-МАҢЫЗДЫ САЯСИ ҮДЕРІС

Құрылтай сайлауы – еліміздің саяси жүйесіндегі маңызды өзгерістердің бірі. 2026 жылғы 23 тамызда өтетін алғашқы сайлау арқылы жаңа бір палаталы заң шығарушы органның құрамы қалыптасады.

Меніңше, бұл үдерістің басты ерекшелігі – азаматтардың өз таңдауын жасап, елдің болашағына қатысты саяси шешімдерді қалыптастыруға қатысу мүмкіндігінің артуында. Әсіресе жастар үшін сайлауға жауапкершілікпен қарау, кандидаттар мен партиялардың бағдарламаларын зерделеу және саналы таңдау жасау маңызды.

Құрылтайдың тиімділігі оның атауымен емес, нақты атқаратын жұмысымен бағалануы тиіс. Сайлаудың мәні де осында – әр азаматтың дауысы елдің ертінен айқындалуға үлес қосады.

Мен Құрылтай сайлауына жауапкершілікпен қарап, елдің тұрақты дамуына, бірлігі мен берекесінің нығайуына үлес қосатын бастамаларды қолдаймын. Халықтың пікірі ескеріліп, ел мүддесі бірінші орында тұрғаны маңызды.

ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН БОЛСЫН!

Мен ауыл тұрғыны ретінде Құрылтай сайлауын ел өміріндегі маңызды оқиға деп санаймын. Себебі бұл сайлау арқылы халықтың көкейіндегі мәселелерді жақсы білетін, елдің мұн-мұқтажын жоғары деңгейде көтере алатын азаматтарға сенім білдіреміз.

Ауыл – елдің алтын бесігі. Ауылдың жағдайы жақсы болса, елдің де енесі биік болады. Бүгінде ауылдарымызда көптеген жұмыстар атқарылып, әлеуметтік нысандар жанарып, жолдар жөнделіп, елді мекендердің көркейіп келе жатқаны қуантады. Дегенмен ауыл тұрғындарын толандыратын мәселелер әлі де бар. Атап айтқанда, жұмыспен қамту, жастардың ауылда тұрақтап қалуы, кәсіпкерлікті дамыту, жол ауызу, инфрақұрылым, білім мен денсаулық сақтау салаларына қатысты мәселелер үнемі назарда болғаны дұрыс.

Сондықтан Құрылтайға елдің жағдайын алыстан емес, халықтың арасынан көріп-біліп жүрген, ауылдың тыныс-тіршілігін жақсы түсінетін, қарапайым халықтың сөзін

сөйлей алатын азаматтардың сайланғанын қалаймын.

Менің ойымша, халықтың сеніміне ие болған өкіл ел мен жердің мәселесін батыл көтеріп, нақты ұсыныстар айтып, халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға өз үлесін қосуы керек. Елдің бірлігі мен тұрақтылығын сақтау, кейінгі ұрпаққа жарқын болашақ қалдыру – баршамызға ортақ міндет.

Сондықтан ауыл тұрғындарын сайлауға белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға шақырамын. Өрбір берілген дауыс – ел ертіне деген сенімнің белгісі. Біз ел мүддесін жоғары қоятын, халықтың аманатына адал болатын азаматты қолдауымыз керек.

Мен де өз таңдауымды жасап, ел болашағы үшін еңбек ететін, ауылдың мәселесіне бейжай қарамайтын азаматты қолдаймын. Бірлігіміз бекем, ауылшымыздың берекесі артып, еліміздің болашағы жарқын болсын!

А. ТӨЛМАҒАНБЕТОВ, Саудакент ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕСІ ӨТТІ



2026 жылғы 20 тамызда Тараз қаласында Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының кеңейтілген кеңесі өтті. Кеңеске облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері, аудандық және қалалық аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары, төраға орынбасарлары мен хатшылары қатысты.

Кеңес барысында аудандық және қалалық аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық, атап айтқанда, сайлау учаскелерінің дауыс беруге әзірлігі туралы есеп берді. АСК төрағалары сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық дайындығы, анықталған мәселелер және оларды шешу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

Кеңесте аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту жұмыстарының қорытындылары, дауыс беру күніне дайындық барысы, ақпараттық сүйемелдеуді ұйымдастыру, есептік нысандар мен сайлау құжаттарын жоғары тұрған комиссияларға жеткізу тәртібі және сайлау процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Отырыс барысында сайлаушыларды онлайн-сервис-тер арқылы ақпараттандыру, сайлау учаскелеріндегі байланыс және интернет желілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығына да ерекше мән берілді. Атап айтқанда, сайлау бюллетеньдерін тасымалдау кезінде полиция қызметкерлерінің жол бойындағы сүйемелдеуін ұйымдастыру және бюллетеньдерді сақтау орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар белгіленді.

Кеңесте дауыс беру күніндегі ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары жеке қаралып, Тараз қаласы мен барлық аудандардағы сайлау учаскелерін ақпараттық қамтудың маңыздылығы атап өтілді.

Өрбір сайлау учаскесінен фото және бейнематериалдар әзірлеп, оларды әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында уақытылы жариялау, сайлау процесінің ашықтығы мен азаматтардың белсенді қатысуын көрсететін мазмұнды ақпараттық материалдар ұсыну міндеті қойылды.

Кеңес қорытындысы бойынша, дауыс беру күнінде сайлаушылар үшін қажетті жағдайларды жасау бойынша бірқатар нақты тапсырмалар беріліп, сайлау процесін заң талаптарына сәйкес өткізу тапсырылды.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы



2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы


Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы бар азаматтарды сайлау учаскелерінің мекенжайлары бойынша тіркеуге арналған учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан мекенжайлары туралы
ХАБАРЛАМА

№ р/н	Облыстың/ республикалық маңызы бар қаланың атауы	Облыс орталығы/ республикалық маңызы бар қаладағы аудан	Сайлау учаскесінің №	Мекенжайы (толық)
1	2	3	4	5
1	Жамбыл	Сарысу ауданы	363	Жанатас к., 1-шағынаудан, №10, Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сары- су ауданының №26 балалар- жасөспірімдер спорт мектебі» КММ

СООБЩЕНИЕ

о местонахождении участковых избирательных комиссий для регистрации граждан, имеющих право участвовать в голосовании на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан, назначенных на 23 августа 2026 года, по адресам избирательных участков

№ п/п	Наименование области/города республиканского значения	Областной центр/ район в городе республиканского значения	№ избирательного участка	Адрес (полный)
1	2	3	4	5
1	Жамбыл	Сарысу район	363	г.Жанатас, 1 микрорайон №10, КГУ «Детско-юношеская спортивная школа № 26 Сарысуского района Управления физической культуры и спорта акимата Жамбылской области»



Өкінішке карай, сыбайлас жемкорлык әлеуметтік құбылыс ретінде әлемнің барлық елдерінде саяси дамуға қарамастан өмір сүруін жалғастыруда және тек ауқымымен ерекшеленеді.

Сыйбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру және оны тарту процесін тежейді, сондай-ақ демократиялық қоғамның саяси және қоғамдық салаларына теріс әсер етеді және елдің болашақ дамуына үлкен қауіп төндіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның профилактикасы Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығының бірі болып белгіленген.

Бұл үшін біздің елімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан тұратын құқықтық негіз бар, онда «сыбайлас жемқорлық» жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенеістірлігі адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзге немесе делдалдар арқылы жеке өзге не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарға параға сатып алу» деген анықтама берілген.

Қарапайым тілмен айтқанда, сыбайлас жемқорлық – бұл міндеттер мен шектеулерді өздеріне ала отырып, өз үлгісімен қызмет бабын жеке бас пайдасына пайдалану. парасатты адам мен өз ісінің білгірі кейпін көрсетуге

Казіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту бойынша жұмыс жалғасуда және үнемі жетілдірілуде. Әр ел қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері бірегей және саяси, экономикалық тұрақтылыққа ғана емес, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге, діни ерекшеліктерге, құқықтық мәдениет деңгейіне, аумақ пен халық алып жатқан аумаққа да байланысты.

Осыған байланысты біздің елімізде Қазақстанның ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі

Противодействие коррупции – обязанность каждого гражданина

К сожалению, коррупция как социальное явление продолжает существовать практически во всех странах мира, независимо от политического развития и различается лишь масштабами.

Коррупция тормозит процесс социально – экономического развития, строительство и привлечение рыночной экономики, а также негативно воздействует на политические и общественные сферы демократического общества и представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны.

Борьба и профилактика коррупции определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

Для этого в нашей стране имеется правовая основа, состоящая из Закона РК «О противодействии коррупции», в котором дается следующее определение коррупции – это незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ.

Если говорить проще, то коррупция это использование служебного положения в личных целях.

В настоящее время работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуется. Методы борьбы с коррупцией, принимаемые каждой страной уникальны и зависят не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей, уровня

ется профилактика коррупционных правонарушений. Как говорится, лучше предупредить, чем констатировать последствия и зло от коррупции.

А. БАЙКУАНЫШОВ, Департамент внутренних дел государственного аудита по Жамбылской области, уполномоченный по этике

**ДАУЫС БЕРУ КҮНІ АЗАМАТТАРДЫҢ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША
ТІРКЕЛУІН ТЕКСЕРУ СЕРВИСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША САРЫСУ
АУДАНЫНДАҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ МЕН УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ
КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

№ р/н	Облыс орталығы/ республикалық маңызы бар қаладағы аудан	СУ №	Елді мекен (қала, ауыл)	"Сайлау учаскесінің мекенжайы (көше, үй №)"	Объектінің атауы (мектеп, мәдениет үйі, мемлекеттік мекеме және т.б.)
1	2	3	4	5	6
1	Сарысу ауданы	№363	Жаңатас қ.	1 шағынаудан, №10	Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сарысу ауданының №26 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ
2	Сарысу ауданы	№364	Жаңатас қ.	2 шағынаудан, №15	«Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Сарысу ауданының білім бөлімінің Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ
3	Сарысу ауданы	№365	Жаңатас қ.	3 шағынаудан, №16	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің Мұхтар Әуезов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ
4	Сарысу ауданы	№366	Жаңатас қ.	К.Байсейітова көшесі, 2/1 ғим	«Сарысу ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің бұқаралық спорттық іс шараларды өткізу орталығы» КММ
5	Сарысу ауданы	№367	Жаңатас қ.	6 шағынаудан, №20	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің Абылай хан атындағы мектеп-лицей» КММ
6	Сарысу ауданы	№369	Жаңатас қ.	Қ.Шағыров көшесі, №2В	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектебі» КММ
7	Сарысу ауданы	№527	Жаңатас қ.	С. Мұқанов көшесі, 1А ғим	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК
8	Сарысу ауданы	№370	Саудакент ауылы	Ұ.Сыздықбаев көшесі, №6	«Сарысу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық мәдениет үйі» МКҚК Саудакент ауылдық мәдениет үйі
9	Сарысу ауданы	№371	Саудакент ауылы	Сұлтанғазиев көшесі, №9	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта мектебі» КММ
10	Сарысу ауданы	№376	Жайылма ауылы	Т.Рахымов көшесі, №1	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің Әйтеке би атындағы орта мектебі» КММ

**СВЕДЕНИЯ ОБ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКАХ И ЧЛЕНАХ УЧАСТКОВЫХ
КОМИССИЙ ПО САРЫСУСКОМУ РАЙОНУ ДЛЯ УСТАНОВЛЕНИЯ
СЕРВИСА ПО ПРОВЕРКЕ РЕГИСТРАЦИИ ГРАЖДАН ПО МЕСТУ
ЖИТЕЛЬСТВА В ДЕНЬ ГОЛОСОВАНИЯ**

№ п/п	Наименование области/города республиканского значения	№ ИУ	Населенный пункт (город, село)	"Адрес избирательного участка (улица, № дома)"	Наименование объекта (школа, дом культуры, гос.учреждение и т.д.)
1	2	3	4	5	6
1	Сарыуский район	.№363	г.Жанатас	1 микрорайон №10	КГУ «Детско-юношеская спортивная школа № 26 Сарыуского района Управления физической культуры и спорта акимата Жамбылской области»
2	Сарыуский район	.№364	г.Жанатас	2 микрорайон №15	КГУ «Школа-гимназия имени Шокана Уалиханова отдела образования Сарыуского района управления образования акимата Жамбылской области»
3	Сарыуский район	.№365	г.Жанатас	3 микрорайон №16	КГУ «Школа-гимназия имени Мухтара Ауэзова отдела образования Сарыуского района управления образования акимата Жамбылской области»
4	Сарыуский район	№366	г.Жанатас	улица К. Байсейтова, зд. 2/1	КГУ «Центр проведения спортивно-массовых мероприятий отдела физической культуры и спорта акимата Сарыуского района»
5	Сарыуский район	.№367	г.Жанатас	6 микрорайон №20	КГУ «Школа-лицей имени Абылай хана отдела образования Сарыуского района управления образования акимата Жамбылской области»
6	Сарыуский район	.№369	г.Жанатас	ул.Шагиров №2в	КГУ «Средняя школа имени Динмухамеда Кунаева отдела образования Сарыуского района управления образования акимата Жамбылской области»
7	Сарыуский район	.№527	г.Жанатас	улица С. Муканов, зд. 1А	ГККП «Жанатасский многоотраслевой колледж" управления образования акимата Жамбылской области»
8	Сарыуский район	.№370	село Саудакент	улица У. Сыздыкбаев №6	ГККП "Районный дом культуры" отдела культуры и развития языков акимата Сарыуского района" сельский дом культуры села Саудакент
9	Сарыуский район	.№371	село Саудакент	ул.Султангазиев №9	КГУ «Опорная средняя школа имени Балтабая Адамбаева отдела образования Сарыуского района управления образования акимата Жамбылской области»
10	Сарыуский район	.№376	село Жайылма	ул.Т.Рахимов №1	КГУ «Средняя школа имени Айтеке би отдела образования Сарыуского района управления образования акимата Жамбылской области»



Балаларға қолдау көрсету – ортақ міндет



Ауданымызда жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы биыл да жалғасын табуда. Акцияның басты мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезінде қолдау көрсетіп, олардың сапалы білім алуына қажетті жағдай жасау.

Осыған орай аудан әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің ұйымдастыруымен, жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен оқу құралдарының жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеде оқушыларға қажетті киім-кешектер, кеңсе тауарлары, дәптерлер, қаламсаптар, қарындаштар, сызғыштар және басқа да мектепке қажетті құрал-жабдықтар ұсынылды. Шараның негізгі мақсаты – ата-аналарға оқу жылына дайындық барысында қолдау көрсетіп, балалардың білім алуға деген ынтасын арттыру.

Іс-шара барысында кәсіпкерлер әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын атап өтіп, жас ұрпаққа көрсетілетін қолдаудың қоғам үшін ерекше мәнге ие

екенін жеткізді.

«Мектепке жол» акциясы – балаларға қамқорлық көрсетіп қана қоймай, ел азаматтарын игі іске жұмылдыратын маңызды бастама. Осындай қайырымдылық шаралары арқылы ауданымыздағы кәсіпкерлер мен тұрғындардың өзара қолдауы артып, балаларға жаңа оқу жылын көтеріңкі көңіл-күймен бастауға мүмкіндік берілуде.

Баланың болашағына жасалған әрбір қолдау – елдің ертеңіне жасалған инвестиция. Сондықтан «Мектепке жол» акциясы аясындағы игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Сәулет ЕСКАРҰ, «SARYSҰ»



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЗАҢДЫ БІЛУ-ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ



Аудандық орталық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен "Заң және төртіп" қағидаты аясында жастарға құқықтық мәдениет пен әділдік қағидаттарын түсіндіру, заңды құрметтеу, сондай-ақ төртіп пен тұрақтылық құндылықтарының маңызын талқылау мақсатында "Заңды білу-әр азаматтың міндеті" атты профилактикалық дәріс өтті.

Аудандық полиция бөлімінің көмелет жасқа толмағандар істері жөніндегі басшысы, полиция майоры Ж. Амангелдиев және аудандық кітапхана мен мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты.

Шара барысында полиция майоры Ж.Амангелдиев заңды құрметтеу, қоғамдық орындардағы төртіпті сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін білу, құқық бұзушылыққа жол бермеу мәселелері қозғап, құқықтық төртіпті қамтамасыз ету, қоғамның тұрақтылығын сақтау және жастарды заң талаптарына құрметпен қарауға шақырды. Құқықтық жауапкершілік туралы

түсінік беріліп, әр азаматтың заң талаптарын сақтауы қоғам қауіпсіздігі үшін маңызды екені түсіндірілді.

Атаулы іс-шарада төртіп пен әділдік құндылықтарын дамыту - ұлт руханиятындағы әділдік мұрасы мен мемлекеттік саясаттағы заң үстемдігі қағидаларының өзара байланысы кеңінен талқыланды. «Заң мен төртіп – өркениеттің негізі» атты кітап көрмесі насихатталды.

Аяулым ДОСАЕВА,
аудандық орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі директорының орынбасары



«МЕКТЕПКЕ БАРАР ЖОЛ» – МЕЙІРІМ МЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Жаңа оқу жылының қарсаңында елімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл да өз жалғасын табуда. Акцияның басты мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсетіп, олардың жаңа оқу жылына алаңсыз дайындалуына мүмкіндік жасау.

Осы игі бастама аясында жергілікті кәсіпкерлер қайырымдылық танытып, әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан 7 отбасының балаларына мектепке қажетті киім-кешектер алып берді. Бұл – балаларға көрсетілген материалдық көмек қана емес, олардың көңіліне қуаныш сыйлап, жаңа оқу жылына жақсы көңіл-күймен бастауына жасалған үлкен қолдау.

Қайырымдылық шарасына белсене қатысып, өз үлестерін қосқан жомарт жандардың қатарында «Балақай kids» киім дүкенінің кәсіпкері Ушақбаева Анара, «Бәрі бар» дүкенінің кәсіпкері Мейрбеков Алтынбек, «Інкәр» дүкенінің кәсіпкері Усенбаева Мақпал, «Рауан» дүкенінің кәсіпкері Балтабай Рауан, «Райхан» дүкенінің кәсіпкері Досбергенова Үкілай, «Алғабас» киім дүкенінің кәсіпкері Ташимов Абзал және «Маржан» дүкенінің кәсіпкері Атмышева Акмаржан бар.

Кәсіпкерлердің ауызбіршілігі мен жанашырлығының арқасында 7 отбасы қажетті мектеп киімдерімен қамтамасыз етіліп, балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезінде үлкен көмек көрсетілді. Мұндай игі іс – қоғамдағы өзара көмек пен адамгершіліктің, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігінің жарқын көрінісі.

Жаңа оқу жылы – әр бала үшін ерекше кезең.

Мектепке жаңа киіммен, көтеріңкі көңіл-күймен бару – оқушының оқу жылын жақсы бастауына оң әсер етеді. Сондықтан осындай қайырымды іске атсалысқан кәсіпкерлердің қолдауы ата-аналар үшін де үлкен демеу болды.

«Мектепке жол» акциясы – қоғамдағы мейірімділік пен бірлікті нығайтатын маңызды әлеуметтік бастама. Осындай игі істер арқылы кәсіпкерлер өскелең ұрпаққа қолдау көрсетіп қана қоймай, ел ішіндегі қайырымдылық пен жанашырлықтың жақсы дәстүрін жалғастыруда.

7 отбасының балаларына қуаныш сыйлап, қайырымдылық шарасына атсалысқан Ушақбаева Анараға, Мейрбеков Алтынбекке, Усенбаева Мақпалға, Балтабай Рауанға, Досбергенова Үкілайға, Ташимов Абзалға және Атмышева Акмаржанға шынайы алғысымызды білдіреміз!

Жақсылық – жаңа жылу сыйлайды. Бір балаға жасалған көмек – оның жүрегінде ізгілікке деген сенім қалыптастыратын үлкен кадам. Осындай сауапты істер ел ішінде көбейіп, қайырымдылық пен қамқорлықтың жарқын үлгісі бола берсін!

Ә. ОНЛАНОВ,
Отбасын қолдау орталығының
әлеуметтік қызметкері

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз




ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!



Дауыс беруге арналған бюллетень сайлаушыларға сайлаушылардың тізімдері негізінде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша беріледі

Сайлаушылар тізімге бюллетеньдерді алғандығы туралы қол қояды

Комиссия мүшесі оған өзінің қолын қояды және сайлаушылар тізіміндегі тегінің тұсына қол қояды



Дауыс берушілер бюллетеньдерді жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырады



Басқа адамдардың кіруіне тыйым салынады

Сайлаушы өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі қояды

Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға және қандай да бір түзету енгізуге жол берілмейді

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады



Сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының бюллетеньдерді беруге құқығы жоқ



Толтырылған бюллетеньнің фото- және (немесе) бейнетүсірілімін жүзеге асыруға және оны дауыс беру күні таратуға тыйым салынады

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ
23 августа



ГОЛОСУЙ ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!



Бюллетень для голосования выдается избирателям на основании списков избирателей по предъявлении документа, удостоверяющего личность

Избиратели расписываются в списке в получении бюллетеней

Член комиссии ставит в них свою подпись и расписывается в списке против фамилии избирателя



Бюллетени заполняются голосующими в кабине для тайного голосования



Запрещается присутствие посторонних лиц

Избиратель ставит любую отметку в пустом квадрате справа от наименования политической партии, за которую он голосует, либо в квадрате, расположенном справа от строки «Против всех»

Не допускаются:
Проставление отметок в бюллетене карандашом и внесение в него каких бы то ни было исправлений

Заполненный бюллетень опускается избирателем в урну для голосования



Председатель и секретарь избирательной комиссии не вправе выдавать бюллетени



Запрещается:
Осуществление фото- и (или) видеосъемки заполненного бюллетеня и его распространение в день голосования

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

www.election.gov.kz